

**Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының арасында  
«Жастар. Ғылым. Техника» тақырыбында сырттай республикалық  
байқауды ұйымдастыру және өткізудің ережелері**

**1. Жалпы ережелер**

1. Жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында «Жастар. Ғылым. Техника» тақырыбында сырттай республикалық байқауды өткізу ережелері (бұдан әрі - Байқау) байқауды өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты – балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын жетілдіру және ынталандыру, шығармашылық зерттеулер әлеуетін дамыту және заманауи жетістіктерді жалпы орта және қосымша білім қызметі арқылы көрсету.

Міндеттері:

- балалар мен жастардың арасында білім мен ғылымды насихаттау, оқушылардың ғылым мен технологиялар саласындағы білімдерін дамыту мен кеңейтуге түрткі болу, оларды ғылым, техника және технология салаларындағы мамандықтарға кәсіби бағдарлау;

- білім алушылардың оқу-танымдық және ғылыми зерттеушілік қызметін белсендіру;

- білім алушылардың шығармашылық зияткерлік қызметін тарату, балалардың интеллектуалдық мүмкіндіктерін дамыту және қоғам назарын аудару.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығымен» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар жюри және ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

**1. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау 2015 жылғы 17 ақпан - 30 наурыз аралығында балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтта сырттай өткізіледі.

6. Ұсынылған жұмыстар байқаудың тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы керек.

7. Байқау жұмыстары ережеге сәйкес 2015 жылғы 30 наурызға дейін [nt\\_ekotur@mail.ru](mailto:nt_ekotur@mail.ru) электрондық поштаға қабылданады.

Анықтама телефондары: +7 (7172) 24-93-12, Адамбаев Ермек Базарғалиұлы.

8. 2015 жылғы 30 наурыздан кейін түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

9. Байқау материалдарының мазмұнына ұйымдастырушылар жауапты емес. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында, ғаламтор баспаларында жариялауға құқылы.

10. Байқауға қатысу үшін 1000 (бір мың) теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Астана қаласы, Банк Центр Кредит АҚ.

ИИК KZ918560000005068448

БИК KСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16

КНП: 859.

Алушы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК.

**Төлемақы мақсаты:** «Жастар. Ғылым. Техника» байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты мен фамилиясын міндетті түрде көрсету және төлемақы құжатының (түбіртек немесе төлем тапсырмасы) көшірмесін сканерден өткізіп, байқау жамысымен бірге **nt\_ekotur@mail.ru** электрондық пошта арқылы жіберу қажет.

11. Байқаудың жеңімпаздарын анықтау және қорытындысын шығару 2015 жылғы 15 сәуірде жүргізіледі.

## 2. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар

12. Байқауға **14-18 жастағы** жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары екі жас санаты бойынша қатыса алады:

орта жастағы санат: 14-15 жас;

жоғарғы жастағы санат: 16-18 жас.

13. Байқау жұмыстары келесі талаптарға сәйкес қабылданады:

**1) транспорт:** авиациалық, ғарыштық, әуеғарыштық техника; жердегі көлік (автокөліктік, темір жолдық және т.б.), су көлігі және кеме құрылысы, отынның балама түрлері және т.б.;

**2) энергетика және балама энергетика:** жылу энергетикасы мен электр энергетикасы; ядролық энергетика және жылыту физикасы; балама және көміртектік емес энергетика; энергияны үнемдеу технологиясы; отын өндіру және жасап шығару; қалдықтарды пайдалану және радиобелсенді қалдықтарды көму;

**3) радиоэлектроника, оптика, аспап жасау:** радиотехника, электроника және наноэлектроника; байланыс; электротехника және т.б.;

**4) экология, химиялық және биотехнология:** заманауи химиялық технологиялар; қоршаған ортаны техногендік әсерден сауықтыру; табиғат пен суды пайдалану; тұрмыстық қоқыстарды қайта өңдеу және т.б.

14. Байқауға қатысатын зерттеу жұмыстары мынадай бөлімдерден тұруы қажет. Титул парағы (білім беру мекемесі, ауданы (қала/ауыл), облысы; байқаудың тақырыбы мен номинациясы; зерттеу жұмысының тақырыбы; автордың аты-жөні; сыныбы, оқу орны, e-mail; жетекшінің аты-жөні, тегі; жетекшінің жұмыс орны мен қызметі; жұмыстың жазылу мерзімі); аннотация (қысқа мазмұны) 2 беттен аспауы керек: жобаның мақсаты; болжамы; зерттеу әдістері; эксперимент; жаңашылдық; күтілетін нәтиже.

15. Зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптар.

Байқау жұмысында номинациялардың біреуіне сәйкес келетін шығармашылық зерттеу жұмысын ұсыну қажет (зерттеу жұмысына модельдердің фотолары, сызбалары қоса тіркеледі);

**мазмұны** (беттерін көрсету қажет);

**кіріспе бөлімінде** нақты мақсаты пен міндеттерін мазмұндалады, зерттеудің өзектілігі және жұмыстың тәжірибелік маңыздылығы негізделіп 2 беттен аспау керек;

**негізгі бөлімде** теориялық негіз бен тәжірибелік зерттеудің қорытындысы, барлық сандық, деректі мағлұматтар және оларды өңдеу қорытындыларын талдау; қойылған міндеттерді шешу әдістерінің сипаттамасы; жұмыстың қорытындылары және оларды талқылау 17 беттен аспау керек;

**зерттеу нәтижесі**, барлық дұрыс мәліметтері мен өңдеудің қорытынды талдауы;

**қорытынды** 2 беттен аспауы керек;

**пайдаланған әдебиеттер тізімі**;

**жетекшінің пікірінде** тақырыптың өзектілігі, жұмыстағы автордың жеке үлесі, жұмыстың кемшіліктері, жұмыс нәтижесінің әрі қарай қолданылуы туралы ұсынымдары;

Қосымшада сызбалар, графиктер, диаграммалар, фотолар және видео-материалдар қоса тіркеледі.

16. Жұмыстар электронды түрде қабылданады, форматы А4, Times New Roman 14 қарпімен жазылған, интервалы 1 болуы керек. Жұмыстың көлемі баспа мәтіннің 25 бетінен аспау керек.

17. Жұмыстар Байқаудың бір номинациясы бойынша қабылданады.

18. Байқауға қатысушы балаларға арналған [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) ғылыми-танымдық сайтындағы «Эврика» ғылыми-техникалық шығармашылық және өнертапқыш клубына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) бірлестікке кіру керек.

19. **Байқаудың бағалау критерийлері:**

- жобаның тақырыбына сәйкестігі;
- шығармашылық тәсілдері;
- жұмысты өз бетінше орындауы;
- алынған нәтиженің жаңашылдығы;
- техникалық жарамдылығы;
- зерттеу нәтижесінің қорытындысы;
- ұсынылған материалдардың сапасы және мазмұндылығы.

### **3. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

20. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды.

21. Әрбір номинацияда жас санаттары бойынша жеңімпаздар анықталады. Байқауда жүлделі орындарыға ие болған жеңімпаздар тиісті дәрежелердегі дипломдармен және олардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады. Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, жетешілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электрондық нұсқалары электрондық пошта арқылы жіберіледі.